

Түркістан облысы
Сайрам ауданының білім бөлімі
«Қазына kz» бөбекжай – бақшасы»

Бекітемін
«Қазына kz» бөбекжай – бақшасының
менгерушісі
Э.Бегалиева



«Айгөлек» ортаңғы тобы

Ертеңгілік

Тақырыбы:

«Ақ анам!»



Тәрбиеші: Тастанбекова.Х
Салыбек.Г.

2023-2024 оқу жылы

«Ақ анам» ертеңгілігі

Жүргізуші: Құрметті аналар, ұстаздар, балалар! 8- Наурыз аналар мерекесіне арналған ертеңгілікке жиналып отырмыз. «Айгөлек» ортаңғы тобының балаларымен өткізілетін мерекемізге қош келдіңіздер!

Залға балалар әсем безендірілген залға кіреді, қолдарында гүлдер, ән айтып

Әлемнің жарығын сыйладың сен маған

Даланың әр гүлін сыйлаймын мен саған-

Аналарға гүлдерін сыйлайды.

Жүргізуші: Иә, бәрімізге де осынау әлемнің жарығын сыйлағн ана есімі қашанда биік, әрі қымбат

Ана десем алғыс алам халқымнан

Ана десем теңіз болам шалқыған

Ана десем ашылады қабағым

Ана десем әділдікті ұғамын

Біз ғана емес

Қадір тұтқан бабалар

Аналардан туған небір даналар

Ана деген тіршіліктің тірегі

Армысыздар, қасиетті аналар!

-Ардақты аналар, мерекелеріңіз құтты болсын! Отбасыларыңызға құт-береке бірлік дендеріңізге саулық тілейміз!

-Балалар, бүгінгі тақырыбымызға байланысты мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр. Шешуін таба аламыз ба?

Бала, бала, бала деп

Түнде шошып оянған

Түн ұйқысын төрт бөліп

Түнде бесік таянған

Бұл кім?

Балалар: Ана,ана,ана.

Жүргізуші: Әріне, бұл біздің аналарымыз. Ана перзент тәрбиелеуші. Ендеше осы асыл аналарымызға арналған балаларымыздың тақпақтарына кезек берейік:

Айбар: Жанымызды жайнатқан

Сіздерсіз ғой аналар

Зор денсаулық, мол бақыт

Тілейді барша балалар

Имона: Ана деген – жарық жұлдыз шырағың

Ана деген- қайнар ыстық бұлағың

Ана деген- өмірдегі қамқорың

Ана деген-сүйенерің, жан құрбым

Муслима: Сырымды ұғатын ,өзіңсін қуатым

Күнімсің шығатын Айымсың туатын

Нұрәлім: Аялы алақан, әлпештеп өсірген

Аяулы жан анам

Қатемді кешірген

Жүргізуші : Осы ардақты аналарымызға ән орындап берейік

Ән: « Дидарлы анашым!»

Жүргізуші: Бүгін біздер құрметті де ардақты әжелерімізді ерекше атап құттықтаймыз! «Қариясы бар үйдің қазынасы бар» — деп халқымыз текке айтпаған, балаларымыздың әжелеріне арналған тақпақтарына кезек берсек

Мұхаммед: Өзің мені өсірген

Айналайын ақ әжем

Тентек болсам кешірген

Ауырмашы ,ай әжем

Нұрислам : Әже деген көп шығар

Әжемдей менің жоқ шығар

Мейірімді бұл кісі

Қандай ғажап күлкісі

Нарұл . Немересін жанындай

Әжем жақсы көреді

Қонаққа барса ұмытпай

Кәмпіт әкеп береді

Асылхан:Тірегі болып жанында

Бірге еріп жүремін

Жанашырым жанымда

Тек әжем деп білемін

Ән: « Әжем менің айдай»

Би : «Анажаным» Ұлдар орындауында

Жүргізуші: Тамаша, өнерлі екенсіңдер. Ал балалар сендер үйде ата-аналарыңа көмек тесесіңдер ме? Шындарыңды айтыңдар ! Қазір мен аналарыңнан сұраймын.

1. Күні бойы ойнай беретін, ойнап болған соң ойыншықтарын жинауға ерінетін, дым істемейтін, жалқау бала бар ма сіздерде?

Аналары: Жок, жок!

2. Ал, тәңертең ерте тұрып, мектепке өзі киінетін, үйде анасына көмектесетін әдепті, тәртіпті бала бар ма сіздерде?

Аналары : Бар, бар!

Жүргізуші: Жарқырап тұр күніміз

Жайқалсын бәйшешек гүліміз

Бақта бұлбұл сайрасын

Сәнді көктем нұрымен

Көңіл гүлдей жайнасын

Талшыбықтай бұралған

Қыздарымыз қарап тұрмасын

Би: «Гүлдер» қыздар орындауында

Жүргізуші: Шалқып тасып әніміз

Жадырасын жанымыз

Ана сені құттықтап

әндетеміз бәріміз

Ән: «Топ топ балақай»

Жүргізуші: О, анашым неткен жансың мейірімнен жаралған

Мәңгілікке арамызда шалқып-тасып жүр аман

Егер де сен еш ауырмай, күліп-ойнап қуансаң

Бұл тәңірден одан басқа, ешбір тілек сұрамаң

Өмірдегі ең асыл жан- АНА. Сол үшін балалар аналарымызды сыйлайық, ардақтайық, еш уақытта ренжітпейік.

Балалар хормен: Ана- біздің күніміз.

Ана- біздің гүліміз

Ұландарды қуантып

Ұзақ өмір сүріңіз

Жүргізуші: Сіздерді тағы да 8 –ші Наурыз мерекесімен құттықтаймыз!

Би : «Анам» флешмоб

Құттықтау сөз ата- аналарға беріледі

Қарағанды: *Ана*



«Ақ анам» атты ертеңгілік барысында

